

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 385 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 2 тамыздағы № 86 Жарлығы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 10 қыркүйектегі № 1005 Жарлығымен

Қазақстан Республикасының
Президенті мен Үкіметі актілерінің
жинағында жариялануға тиіс

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 10.09.2022 № 1005 Жарлығымен.
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 385 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2016 ж., № 63, 397-күжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасында:

"5. Ұлттық қор қаражатын қалыптастыру және пайдалану бойынша негізгі қағидаттар мен тәсілдер" деген бөлімде:

"5.3. Ұлттық қор активтерін басқару" деген кіші бөлімде:

сегізінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Жинақ портфелінің активтерін стратегиялық бөлу активтерді әртараптандыру саясатын жалғастыруға бағытталған және консервативті бөлуден (80% облигациялар, 20% акциялар) ұзақ мерзімді күтілетін кірістілікті арттыруға бағытталған теңдестірілген бөлуге (60% облигациялар, 30% акциялар, 5%-ға дейін баламалы құралдар және 5%-ға дейін алтын) көшуді болжайды."

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ. Тоқаев